



Бекітемін:

Мектеп директоры:

Kaudanova K.K.

Кауданова К.К.

« 31 » « 08 » 2022ж

Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі
«Алға ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Әсем» шағын орталық
2022-2023 оқу жылы Кіші тобының перспективалық жоспар
Музыка

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Алға ауылының негізгі орта мектебінің жанындағы «Әсем» шағын орталығы
Топ Кіші

Балалардың жасы 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі Қыркүйек айы 2022 ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; - Көңілді әуенге қуана білу,шаттану, ән айтуға талпыну; - Қарапайым әуенге шапалақтау, аяқпен бір уақытта топылдату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Жетекшінің әңгімелеуімен және әнді бірнеше рет тыңдау арқылы әннің мағынасын түсіну; -Қоңыраулардың жоғарғы және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарды орындалған таныс әуендерді тыңдау; -Тыңдаған әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; -Әуеннің ырғағына аяқтан аяққа тербелу қимылдарын қосу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Ән айтуда жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту; -Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту; - Ән айтуда дауысқа күш түсірмей, асықпай, айқайламай айтуды қалыптастыру; - Бубен, сылдырмақ аспаптарын түрлі бинелік ойын қимылдарында қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Әнді жеке және топпен айтуға дағдылану; - Әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; - Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; - Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, шеңбермен жүру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыка тыңдай отырып таныс әуендерді және оларға тән ерекшеліктерді танып айта білуді қалыптастыру; - Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру; - Көңілді әуенге қол ұстасып, жұптасып ырғақты қимылдар жасау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, ән арасындағы кідірісті сақтау; - Үйренген әнді айта отырып сәйкес қимылдар орындау; - Ересектердің қимылы мен дауыс интонациясына еліктеу, қайталау; - Әуенді ойындарға эмоционалды түрде еркін қатысуға баулу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	- Музыкалық-ырғақты қимылдарды кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру; - Бубенмен, сылдырмақпен, бір қалыпты ырғақты, түрлі бинелік- ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау; - Әнді орындауда сөзін анық айтуға дағдылану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын қалыптастыру; -Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну (ересектердің қатысуымен); -Әуенге сай оңға, солға ию, қолдарды сермеу қимылдарын жеке және топпен жасау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	-Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, қоңырау); -Музыкалық фразалардың жоғарғы және төмен дыбысталыуын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; -Ырғақты және әуеннің жеке екпінін дұрыс жеткізіп, әннің сөзін есінде сақтау; -Білетін әндерді еске түсіріп қайталу.
Нормативтік жүктеме		Аптасына 1 сағат Айына 4 сағат Барлығы 36 сағат